

ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТТЫҢ ҚАЗІРГІ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ

СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ СОЦИАЛЬНОЙ ПОЛИТИКИ

MODERN TENDENCIES OF SOCIAL POLICY

ҚАЗАҚСТАН ҚОҒАМЫН «ҮШІНШІ ЖАҢҒЫРТУ» ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТТЫ ДАМУЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа. Бұл мақалада әлеуметтік саясаттың өзекті мәселелері қарастырылып, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2017 жылдың 31 қаңтарында Қазақстан халқына жолдаған «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Жолдауындағы қазақстандық қоғамның әлеуметтік мәселелерін шешуге инновациялық тәсілдердің маңыздылығы сөз болады.

Тірек сөздер: әлеуметтік саясат, инновация, еңбек, отбасы, діни экстремизм және терроризм, мемлекеттік тіл, мемлекеттік басқару.

Аннотация. В статье рассмотрены актуальные проблемы социальной политики, отмечена важность инновационного подхода к решению социальных проблем казахстанского общества в свете Послания Президента Республики Казахстан Н. А. Назарбаева народу Казахстана: «Третья модернизация Казахстана: глобальная конкурентоспособность» от 31 января 2017 года.

Ключевые слова: социальная политика, инновация, труд, семья, религиозный экстремизм и терроризм, государственный язык, государственное управление.

Annotation. The article deals with topical issues of social policy, noted the importance of an innovative approach to solving the social problems of the Kazakh society in the light of the Message of President of Kazakhstan N. Nazarbayev to people of Kazakhstan "The third modernization of Kazakhstan: global competitiveness" on January 31, 2017.

Keywords: social policy, innovation, work, family, religious extremism and terrorism, the national language, the state

**БҰРБАЕВ ТӨЛЕУҒАЛИ
ҚАЙЫРЖАНҰЛЫ**

философия ғылымдарының докторы, профессор

Елбасы, Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясында қоғамның әлеуметтік мәселелерін шешуге ерекше назар аударып, әлеуметтік саясаттың жаңа ұстанымдары мен негіздерін қалыптастыру қажеттігін атап өткен болатын. Елбасы өзінің «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауында тағы да әлеуметтік саясатқа ерекше назар аударды. Бұл әлеуметтік саясаттың Қазақстан үшін өте маңыздылығын көрсетсе керек.

Тәуелсіздіктің 25 жылдығында жеткен жетістіктерімізді атай отырып, Елбасы Қазақстан халқы алдында экономиканы технологиялық тұрғыдан жаңғырту, білім және денсаулық салаларында сандық технологияны енгізудің маңыздылығын атап өтті. Білім беру саласында креативтік, шығармашылық тұрғыдан ойлауды дамыту, жастар бойында ақпаратты өз бетінше іздеу машығын қалыптастыруды алға қойды. Бұл қадам білім беру саласында қалыптасып қалған «жаттау» қағидасынан «ойлау» қағидасына өтуді талап

етері сөзсіз. Тест сұрақтарына жауап берудің қалыптасқан ойлау жүйесін бұзып, студент жастарды өз бетінше ойлау мен ақпаратты іздеу, қорытындылау, логикалық тұрғыдан талдап, болжам жасай алуды бірінші орынға шығарады. Жастардың ақпаратты өзінше ізденуіне кеңінен жол ашады. Білім беру саласында жаңа парадигманы қалыптастыру әлеуметтік саясатқа жаңаша көзқарас пен ұстанымдарды әкеліп қана қоймай, оны дамытудың жаңа заман талабына сай жолдарын көрсетері сөзсіз.

Сонымен бірге, бұл қадам мемлекет пен ұлттың бәсекеге қабілеттілігін, әлеуметтік мемлекет идеясының негізгі қағидаларын жаһандану заманында жаңаша тұрғыдан жүзеге асыруға өз септігін тигізеді. Осы тұрғыдан келгенде, Қазақстан қоғамын «үшінші жаңғырту» кезеңінде әлеуметтік мәселелерді шешудің қандай инновациялық жолдары бар деген сұрақ туындары сөзсіз. Бұл біріншіден. Екіншіден, әлеуметтік мәселелерді инновациялық тұрғыдан шешу қоғамдық ойдың жаңа бағыттарын танымдық көкжиегін кеңейтіп, қоғам мүшелерінің азаматтық ұстанымдарын нығайтуға ықпалын тигізері анық. Үшіншіден, әлеуметтік мәселелерді инновациялық тұрғыдан шешу «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Жолдауында атап көрсетілген сыртқы және ішкі қауіптерді болдырмаудың алдын алумен қатар, оны басқарудың тиімді жолдарын, конституциялық реформаны жүргізудегі тұрақтылықты қамтамасыз ететін қадамдар жасауы көрсетілген.

«Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» [1] Жолдауы Қазақстанның жаңа саяси бағытын айқындайтын құжат екені белгілі. Конституцияға толықтырулар мен өзгерістер енгізу саяси жүйедегі билік өкілеттілігін қайта бөлумен қатар, болашақта демократиялық процестерді тереңдете түсуге, халықтың саяси белсенділігі мен азаматтық қоғам институттарының нақты да тиянақты жұмыс істеуіне мүмкіндік туғызары сөзсіз. Осы жағдайда адамдардың инновациялық қабілеті мен ұлттың интеллектуалдық бәсекелестігі

артып, қоғамдық қатынастардың даму деңгейі заман талабына сай жаңа, тың сатыға көтеріледі.

«Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Жолдауын жүзеге асыру әлеуметтік жауапкершілікпен тығыз байланысты. Жауапкершілік болмаған жерде әлеуметтік әділеттіліктің де сақталуы қиын. Бұл құндылықтар әлеуметтік саясаттың негізі, қоғам дамуының бағытын айқындайтын басты күш. Мәселен, әділеттілік болмаған жерде ішкі бірлік пен татулықта, демократияда, этносаралық келісімде, әлеуметтік өзара түсіністік те болмайтыны белгілі. Болашақта мүмкін болатын әлеуметтік жікшілдік пен қайшылықтардың жолын кесу үшін әділеттілік ұстанымының маңызы зор. Татулық пен бірлікті, азаматтық келісім мен саяси тұрақтылықты негізге ала отырып, қоғамның әлеуметтік мәселелерін шешу, бүгінгі қайшылықты заманның тиімді де оңтайлы ұстанымы екені жан-жақты ескерілген. Бұл мәселелер, әсіресе конституциялық реформаны жүзеге асыру барысында қатаң сақталуы тиіс. Болмаған жағдайда ел ішіндегі тұрақтылық пен татулықты сақтап, оны дамудың негізіне айналдыру қиынға соғуы өсте мүмкін.

Қазақстан қоғамын жаңғырту өңірлерді дамытуға тығыз байланысты болып отыр. Мемлекеттік органдардың өңірлік даму саласындағы жұмыстарын үйлестіру, барлық бағдарламалардың орындалуын өңірлермен байланыстыру, моноқалаларды дамыту әлеуметтік мәселелерді шешудегі инновациялық ұстанымның алғышартын қалыптастырары сөзсіз. Өңірлердегі әлеуметтік теңгерімсіздіктер мәселесін шешу, жұмыспен қамту мен жаңа еңбек саясатын жаңғырту, әлеуметтік қорғауды нығайту, индустриялық жобаларды өңірлік экономиканың локомативіне айналдыру – жергілікті халықтың тұрмыс деңгейін көтеріп қана қоймай, олардың әлеуметтік белсенділігін арттырып, болашаққа деген сенімін арттырады. Өңірлер әлеуметтік саясаттың басты субъектісіне айналады. Моноқалаларды дамыту бағдарламасын жүзеге асыру, жаңа жұмыс орындарын ашу,

кәсіпорындар жұмысын жандандыруға айтарлықтай ресурстар бөлу жергілікті жерді басқарудың сапасын арттырып, халықтың билікке деген сенімін нығайтады. Ең бастысы жергілікті жердегі қордаланып қалған мәселелерді шешуде жергілікті атқарушы биліктің қаржылық, әлеуметтік-экономикалық белсенділігі арта түседі.

Аймақтарды дамыту саясаты аймақтық ерекшеліктерді ескере отырып, жүргізілуі қажет. Әсіресе экологиялық, демографиялық, медициналық, білім беру, этникалық ерекшеліктер аймақтық саясатта ескеріліп, әлеуметтік мәселелерді шешкенде басты ұстанымға айналуы тиіс. Бұл әлеуметтік мәселелерді шешудің тиімді де ұтымды жолы десе болады.

Қазақстан қоғамын үшінші жаңғырту жағдайында әлеуметтік мәселелерді шешудің инновациялық ұстанымдарын жүзеге асыруда көші-қон мәселесінің орны бөлек. Бұл жөнінде «Қазақстан–2050» Стратегиясында нақты айтылған. Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялаған күннен бастап «Нұрлы көш» бағдарламасын жүзеге асырып келеді. Осы жоба аясында Қазақстанға Қытай, Моңғолия, Түркия, Иран, Ирак, Ресей, Өзбекстан, Түркіменстан елдерінен қазақ бауырларымыз елге оралды. Алыс-жақын шетелден келген қандастарымызға әлеуметтік, материалдық жағдайлар мен жеңілдіктер жасалынып, оларды жұмыспен, баспанамен қамту мемлекеттің басты саясатының бірі болды. Бүгінде олар еліміздің дамуына, тәуелсіздігіміздің нығаюына барша қазақстандықтармен бірге өз үлестерін қосуда.

Қазақстан қоғамын жаңғырту жағдайында әлеуметтік мәселелер қатарына ана мен баланы қорғау мәселесін жатқызуға болады. Отбасы – мемлекет негізі, тәуелсіздік отбасынан басталады десек, бұл мәселеге де мемлекет ерекше назар аударуы қажет. Бүгінде қазақстандық отбасы да жаһанданудың ықпалдарын көріп, батыстық құндылықтардың ықпалын сезінуде. Отбасында ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық құндылықтарға сызат түсуде. Отбасылық тәрбие екінші орынға ысырылып,

тәрбие мәселесі көп жағдайда сыртқы ықпалдар жетегінде кеткен. Кейбір деректер бойынша Қазақстанда әрбір жетінші отбасы толық емес, 90% толық емес отбасының басында әйел азаматтар тұр. 2015 жылдың өзінде жекебасты әйелдер саны 442 мыңға жетсе, некеден тыс туған балалардың саны 32 мыңға жеткен. Қазақстандағы отбасының 80%-ы – 2 баламен шектелген. [2,23]. Бұл мәселені шешу әлеуметтік саясатта жаңа көзқарастар мен ұстанымдарды қажет етеді. Әсіресе рухани-адамгершілік тәрбиені әлеуметтік мәселелерді шешудің негізі ретінде қараудың маңызы зор.

Қазақстан қоғамын жаңғырту жағдайында әлеуметтік мәселелерді шешудің инновациялық ұстанымдары – саяси, экономикалық, әлеуметтік мәселелерді шешумен ғана шектелмейді. Сонымен бірге ол әлеуметтік жауапкершілікті, мәдениетті, патриотизмді, мемлекеттік тілді, қоғамның рухани саласын, дінді, білімді, ғылымды дамытуды, ел бірлігін, ұлтаралық татулық пен бірлікті нығайтуды талап етеді. ХХІ ғасырда Қазақстан үшін ең басты мақсат ұлтаралық татулық пен бірлікке негізделген қазақ мемлекетінің іргесін одан әрі нығайту, мемлекеттік тілді қоғамның біріктіргіш күшіне айналдыру, барлық этнос өкілдерін тәуелсіздік идеясын жүзеге асыру саясаты төңірегінде топтастыра отырып, әлеуметтік мәселелерді шешуде инновациялық ұстанымдарды одан әрі дамыту болып табылады. Сондай әлеуметтік мәселенің бірі – тіл.

Тіл – ұлт геномы, коды, тіл – билік. Үш тілділікті дамыту заман талабы. Қай тілде сөйлесен, сол халықтың рухы, пәрмені қашанда үстем. Демек, тәуелсіздікті қорғау, оны баянды ету де мемлекеттік тілдің дамуымен тікелей байланысты. Мемлекеттік тіл қаншалықты дамыса, тәуелсіздікті рухани тұрғыдан қорғау да соншалықты болмақшы. 2025 жылы қазақ тілінің графикасын латын графикасына көшіру мәселесі бүгінде қоғамда қызу талқылануда. Бірақ, пікір сайыстардың тоғысқан жері ол – қазақ тілін модернизациялау заман талабы. Жаһандану жағдайында оның бәсекелестік қабілетін

арттырудың, әлемдік ақпараттық кеңістікті игерудің тиімді жолы деген қоғамдық пікір қалыптасуда. Бұл әлеуметтік мәселелерді шешудегі инновациялық ұстаным екені сөзсіз.

Сол тәрізді, Қазақстан қоғамын жаңарту жағдайында дін және діни экстремизм мен терроризм мәселелерін шешу де инновациялық ұстанымдарды талап етеді.

Әлемде терроризм, экстремизм мәселелері күннен-күнге ушығып келеді. Терроризм мен экстремизмнің табиғаты, мақсаты мен қозғаушы күші, шығу себептері, ментальдық болмысы жайында қоғамда қызу пікірлер жүріп жатқаны белгілі. Көптеген ғалымдардың пікірінше терроризм мен экстремизм ХХІ ғасырда жаңа сипатқа ие болып, мемлекеттердің ұлттық қауіпсіздігіне қауіп төндіруде.

Діни экстремизмнің алғы бастауларының бірі – діни фанатизм. Ол діни ұстанымдар мен идеяларға шексіз, шүбәсіз, соқыр сенуден туындайды. Соның нәтижесінде, ол адам өміріндегі басты қозғаушы күшке айналады. Бірақ, діни фанаттардың санасы мен дүниетанымында шүбә келтіруге, ақылмен саралауға орын жоқ. Соқыр сенім адамның іс-әрекетінен ақылды ығыстырып, жетекші күшке айналады.

Қазақстан жағдайына, «исламдық экстремизмге» ерекше назар аударылуда. Кейбір дінтанушылар мен саясаткерлердің пікірінше, исламдық экстремизмнің таралуының бірден-бір себебі, ол халықтың әлеуметтік және мәдени деңгейінің төмендеуі, кейбір әлеуметтік-демографиялық топтардың әлеуметтік тұрғыдан дұрыс қорғалмауы, жұмыссыздықтың кең етек алуы болып отыр.

Сонымен бірге, Қазақстан жағдайында исламдық экстремизмнің алғы бастауларын елдегі әлеуметтік-мәдени ахуалдан бұрын қоғамдағы діни сананың қалыптасу жолдарынан да іздеген дұрыс тәрізді.

Нақты айтар болсақ, исламдағы салафиттік бағыт немесе Орталық Азиядағы Халифат құруды мақсат құрған «Хизб ут-Тахрир» діни бағыттарының идеологиясы көп жағдайда ішкі факторлардан бұрын сыртқы факторлармен байланысты екенін байқауға болады. «Хизб ут-Тахрир» идеологиясының

Қазақстанда таралуына әлеуметтік-мәдени және ұлттық менталитет тұрғысынан да ешқандай негіз жоқ. Демек, мұндай діни ұйымдардың іс-әрекетіне заң тұрғысынан тыйым салынуы ұлттық қауіпсіздік тұрғысынан қабылданған дұрыс шешім деп айтуға болады. Мемлекет тек заңдық негізде ғана діни экстремизммен күресудің тиімді жолдарын таба алады.

Діни экстремизм мен саяси экстремизмнің ара қатынасын ажырата отырып, бұл екі құбылыстың өзара тығыз байланыста екенін атап өткен жөн. ХХІ ғасырда бұл екі құбылыс бір-бірін толықтырып қана қоймай, олардың мақсат мүдделерінің белгілі бір ситуацияда бір жерге тоғысуы да діни экстремизмге ерекше сипат беретінін ескерген жөн.

Діни экстремизм саяси экстремизммен байланысты болғанмен, олардың мақсаттары әртүрлі. Саяси экстремизмнің мақсаты – билікті басып алып, елдің саяси жүйесін өз мүдделеріне сай өзгерту болса, бұл жолда діни экстремизм жәй «қол жаулық» күйінде қалатыны белгілі. Діни экстремизмнің мақсаты белгілі бір діндегі сенімді қайта қарау, сол діндегі фундаменталдық догматтарды, базалық ұстанымдар мен қағидаларды қайта қарау үшін күрес болып келеді. Бұл екі экстремизмді біріктіретін – зорлық, үрей.

Әлеуметтік-рухани мәселелерді инновациялық тұрғыдан шешу, қашанда жүйелілікті қажет етеді. Осы тұрғыдан келгенде діни экстремизмнің типологиясын жасау, дінтанушылардың алдында тұрған өзекті мәселелердің бірі болмақшы. Діни экстремизмнің типологиясын толық жасамай, діни экстремизмнің табиғаты мен ішкі болмысын, шығу себептерін толық білу және басқару мүмкін болмайды.

Діни экстремизмнің экономикалық мотивациядан тыс механизмдерін талдау да гуманитарлық ғылымның назарынан тысқары қалмауы қажет. Діни экстремизмнің қоғамның саяси саласына әсер етуіне жол бермеу мемлекеттік идеологияның басты бағыты. Діни экстремизмнің ұлттық идеология әлсіреген кезде бас көтеретіні заңды құбылыс. Себебі, діни экстремизмде адамдардың санасын жаулауға ұмтылады, өз дүниетүсініктерін

таңуға ұмтылады. Олай болса, неғұрлым ұлттық идеология күшті болса, соғұрлым діни экстремизмге жол берілмейді.

Қорытындылай айтқанда, Қазақстан қоғамын жаңарту жағдайындағы әлеуметтік мәселелерді шешудің инновациялық қағидалары ғылыми негізде жүзеге асырылуы тиіс. Үкімет өз ісінде Қазақстан Республикасы Конституциясында жарияланған әлеуметтік мемлекет идеясына көлеңке түсірмеуі керек. Сонда ғана әлеуметтік саясат ұлт қауіпсіздігін

қамтамасыз етіп, елдің саяси-әлеуметтік тұрақтылығын қамтамасыз ете алады. [3,44–47].

Сонымен бірге, конституциялық реформа аясындағы билік өкілеттілігін бөлісу Қазақстан қоғамындағы тұрақтылық пен татулықты, әлеуметтік саясаттың пәрменділігі мен тиімділігін арттырудың басты қайнар көзі болып, халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға ерекше ықпал етері сөзсіз.

Список литературы

1. Послание Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана: «Третья модернизация Казахстана: глобальная конкурентоспособность» от 31 января 2017 года.
2. Жолдыбаева А. Современная семья как феномен культуры// журнал «Мысль». № 5, 2011. С.23.
3. Бурбаев Т.К. Қазақстан қоғамын жаңарту жағдайындағы әлеуметтік мәселелерді шешудің инновациялық ұстанымдары //журнал АГУ при Президенте РК. № 1, 2013. С. 44–47.

НОВАЯ МИССИЯ СОЦИАЛЬНОЙ РАБОТЫ В УСЛОВИЯХ МОДЕРНИЗАЦИИ КАЗАХСТАНСКОГО ОБЩЕСТВА

Аннотация. В статье рассматриваются основные направления развития социальной работы и ее новая миссия в 21 веке. Также отмечено, что разрешение социальных проблем казахстанского общества является условием социального благополучия, интегральным показателем эффективности функционирования социальной сферы, отражением социального самочувствия, качества жизни населения.

Ключевые слова: повышение благополучия, повышение благополучия людей, жизненное пространство, этический кодекс социального работника.

Аңдатпа. Мақалада әлеуметтік жұмысты дамытудың басты бағыттары мен оның 21-ші ғасырдағы жаңа миссиясы қарастырылған. Сонымен қатар, қазақстандық қоғамның әлеуметтік мәселелерін шешу әлеуметтік әл-ауқат жағдайы және әлеуметтік сала қызметінің тиімділігінің интегралды көрсеткіші, халықтың әлеуметтік хал-жайының, өмір сүру сапасының бейнесі болып табылады.

Тірек сөздер: саулықты арттыру, адамдардың әл-ауқатын көтеру, өмірлік кеңістік, әлеуметтік қызметкердің әдеп кодексі.

Abstract. In the article the basic directions of development of social work and its new mission in the 21st century. Also noted that the resolution of social problems of Kazakhstan's society is a prerequisite for social well-being, an integral indicator of the efficiency of the social sphere, a reflection of social well-being, quality of life.

Keywords: increase of well-being, the well-being of people, the code of ethics of social worker

НУРКАТОВА ЛЯЗАТ
ТОЛЕГЕНОВНА

доктор социологических наук, профессор Национальной школы государственной политики Академии государственного управления при Президенте Республики Казахстан